

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

**Заң факультеті**

**Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы  
кафедрасы**

**«Еңбек құқығындағы жауапкершілік»  
103716**

**Білім беру бағдарламасы**

**7M04237 - «Еңбек құқығы, әлеуметтік-қамтамасыздандыру қатынастары»**

**ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Алматы, 2025**

Бағдарлама 7M04237 – «Еңбек құқығы, әлеуметтік-камтамасыздандыру қатынастары» білім беру бағдарламасы оқу жоспарының негізінде кафедра доценті м.а., PhD докторы Д.У. Рыскалиевпен дайындалды.

Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«27» 08 2025 ж. №1 Хаттама

Кафедра меңгерушісі,  
з.ғ.д., профессор



Сулейменова С.Ж.

Білім беру және оқыту сапасы бойынша  
академиялық комитеттің Төрайымы

 Урисбаева А.А.

«\_27\_» \_08\_ 2025 жылғы шешімі негізінде, хаттама №\_1\_

Факультеттің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды  
«\_28\_» \_08\_ 2025 ж., хаттама №\_1\_

Ғалым хатшы  Атаханова Г.М.



## 1. Кіріспе

7M04237 «Еңбек құқығы, әлеуметтік-қамтамасыздандыру қатынастары» мамандығы бойынша магистранттардың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан тапсыруға, қорытынды бақылауға магистранттарға арналған оқу бағдарламасы, оқу жұмыс жоспарына сәйкес білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған магистранттарға жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде, кестеде және оқу жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз деген баға алған магистрант осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант белгіленген тәртіпте шығарылатын бұйрық негізінде қайтадан оқуға тіркеледі. Егер емтиханнан 25-49 балл алса онда FX негізінде емтихан қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды. Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан ауызша нысанда емтихан сұрақтарына жауап беру тәртібінде тапсырылады.

Емтихан билеттері алдын ала тексеріліп кафедра отырысының хаттамасымен бекітіледі.

## 2. Емтиханға дайындалу тақырыптары:

**Тақырып 1. Еңбек қатынастарындағы құқықтық жауапкершілік және конституциялық еңбек құқықтары. Еңбек қатынастарында айқындалған құқықтық жауапкершілік түрлері, олардың жалпыламалық сипаты. Құқықтық жауапкершіліктің еңбек құқығы жүйесіндегі орны. Қазақстан Республикасы Конституциясымен айқындалған әркімнің еңбек ету, әлеуметтік қамсыздандырылу бағытындағы құқықтары мен игіліктері, олардың мазмұны мен құқықтық сипаты. Еңбек құқығы субъектілерін құқықтық жауапкершілікке тартудың мән-жайлары, негіздері және қолдану ерекшеліктері. Жауапкершілік түрлерін айқындауда қолданылатын заңнамалық актілер.**

**Тақырып 2. Халықты жұмыспен қамту саласындағы құқық бұзушылықтар және әкімшілік жауапкершілік. Халықты жұмыспен қамту туралы заңнамалық талаптарды бұзған жағдайда жұмыс берушілер мен жауапты қызметкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартудың негіздемелері. Халықты жұмыспен қамту нысандары, олардың құқықтық механизмдері. Осы саладағы мемлекеттік органдардың құзыреті, құқықтары мен міндеттері. Салалық және аумақтық деңгейлерде жұмыспен қамту орталықтарының қызметіне кәсіптік одақтардың қатысу тетіктері. Азаматтардың еңбекпен қамтылу жөніндегі арыздарын қабылдау және қарау тәртібі.**

**Тақырып 3. Еңбекті ұйымдастыру және басқару актілерінің құқықтық негіздері. Еңбекті ұйымдастыруда және реттеуде қолданылатын актілердің түрлері және оларға қойылатын заңнамалық талаптар. Ұйымды басқаруда қолданылатын рәсімдер мен актілер. Олардың еңбек заңнамасына және ұйым жарғысына сәйкестігін айқындау тәсілдері. ҚР Еңбек кодексінің 12-бабы және 23-бабы негізінде кәсіподақтардың немесе қызметкерлер өкілдерінің қатысу талаптары. Ұйым деңгейінде қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың құқықтық тетіктері.**

**Тақырып 4. Қызметкерлерге қойылатын кәсіби талаптар және жауапкершілік шаралары. Қызметкерлерге қойылатын кәсіби талаптар және оларды рәсімдеудің құқықтық негіздері. Жеке тұлғаны жұмысқа қабылдау немесе басқа лауазымға ауыстыру**

кезінде ескерілетін кәсіби стандарттар және олардың маңызы. Лауазымдық нұсқаулықтар мен еңбек шарттарын бекіту талаптары. Заңнамалық талаптардың сақталмауында қолданылатын әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік.

**Тақырып 5. Еңбек қатынастарын рәсімдеу және еңбек шарты үшін жауапкершілік.** Еңбек шартының жасалмауы немесе еңбек қатынастарының дұрыс рәсімделмеуі үшін қолданылатын әкімшілік және өзге де жауапкершілік түрлері. Қызметкердің лауазымдық және кәсіби ерекшеліктеріне байланысты еңбек шартын жасасудың құқықтық талаптары. Еңбек қатынастарының дұрыс рәсімделгенін анықтау тәсілдері және туындайтын тәуекелдер.

**Тақырып 6. Еңбек режимі, тәртібі және жұмыс уақытының құқықтық реттелуі.** Еңбек режимін, тәртібін және нормаларын айқындауда ескерілетін талаптар. Еңбек тәртібін қамтамасыз ету және реттеу тәсілдері. Апаталық еңбек нормасы, ауыспалы жұмыс кестесі, жұмыс уақытын жиынтықтап есептеу тәртібінің заңнамалық негіздері.

**Тақырып 7. Жалақы төлеу жүйесі және оның құқықтық кепілдіктері.** Жалақы төлеу жүйесінің ұғымы, талаптары және жауапкершілік шектері. Жалақы төлеудің жариялылығына қойылатын құқықтық талаптар. Жекелік және ұжымдық шарттар арқылы жалақыны реттеу тәсілдері. Еңбек жағдайларының жалақы төлеуге әсері, ауытқулардың себептері мен салдары.

**Тақырып 8. Материалдық жауапкершілік және келтірілген зиянды өндіру.** Жұмыс берушінің немесе қызметкердің мүлкіне, мүліктік және еңбек құқықтарына келтірілген зиянды өндіру тәсілдері. Материалдық жауапкершіліктің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен айырмашылықтары. Келтірілген мүліктік зиянды айқындау, рәсімдеу және өндірудің сотқа дейінгі және сот тәртібі.

**Тақырып 9. Еңбек қатынастарының тоқтатылуы және құқық бұзушылықтар.** Қызметкерді лауазымнан босату, жұмыстан шеттету, еңбек қатынастарының өзгеруі немесе тоқтатылуы кезінде туындайтын құқық бұзушылық әрекеттер. Жұмыстан босату кезінде жиі кездесетін заң бұзушылықтар және оларды сотта қарау тәжірибесі. Еңбек қатынастарының өзгеруіне немесе жойылуына құқықтық баға беру.

**Тақырып 10. Өндірістік ортадағы еңбек қауіпсіздігі.** Өндірістік ортада еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары, стандарттар және нормалар. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Еңбек жарақаты, жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардың себептерін тергеп-тексеру тәртібі. Еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудың салдары мен тәуекелдері.

**Тақырып 11. Өндірістік кеңестер және ішкі бақылау.** Ұйымдарда өндірістік кеңестерді құрудың құқықтық негіздері. Ішкі бақылауды ұйымдастыру талаптары. Кәсіптік одақтардың құзыреті, қоғамдық инспекторларды ұсыну және бекіту тәртібі. Ішкі бақылау үшін жауапкершілік мәселелері.

**Тақырып 12. Шетелдік еңбек күшін пайдалану және кемсітушілікке жол бермеу.** Ұлттық компанияларда шетелдік еңбек күшін пайдаланудың ұйымдастырушылық және құқықтық сұрақтары. Көші-қон заңнамасын қолдану тәртібі, квота шеңберіндегі талаптар. Шетелдік азаматтардың қатысуымен туындайтын еңбек қатынастарында кемсітушілікке жол бермеу қағидаттары.

**Тақырып 13. Мемлекеттік бақылау және әкімшілік рәсімдер.** Еңбек қатынастарына сыртқы бақылау жүргізу: мемлекеттік бақылау және қадағалау

институты. Уәкілетті органдардың өкілеттіктері. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің ұғымы, оларды қабылдау және шағымдану тәртібі.

**Тақырып 14. Мемлекеттік және құқық қорғау қызметіндегі еңбек даулары. Мемлекеттік және әскери қызметшілердің қатысуымен туындайтын еңбек дауларының ерекшеліктері.** Мемлекеттік қызмет саласында еңбек заңнамасын қолданудың айырмашылықтары. Тәртіптік, материалдық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелері.

**Тақырып 15. Әлеуметтік әріптестік жүйесін жетілдіру. Еңбек және әлеуметтік қатынастарда әлеуметтік әріптестік жүйесінің ұғымы және құқықтық негіздері.** Әлеуметтік әріптестік субъектілері, олардың құқықтары мен міндеттері. Ұжымдық шарттар мен келісімдердің маңызы. Азаматтық қоғам институттарын дамытудағы әлеуметтік әріптестіктің рөлі.

### 3. Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. Пән бойынша қорытынды бақылау билеттермен, емтихан сұрақтарына жауап беру тәртібінде өткізіледі.

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, алдын ала оқытушылар мен магистрантарға мәлім болады.

3. Аттестациялық ведомостка қорытында баға емтихан аяқталғаннан кейін енгізіледі. 48 сағат ішінде бекітілуге жатады, офлайн режимі бойынша.

4. Билеттерде сұрақтар саны – 3, 1 мүмкіндік беріледі.

5. Магистрант емтихан тапсыруға 30 минут бұрын дайындалуы керек.

6. Емтихан қорытындысы қайта қаралуы мүмкін. Егер магистрант емтихан тапсыру тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы есепке алынбайды.

7. Магистрант емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Универ жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады.

### 4. Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:  $(AB_1 + AB_2) / 2 \times 0,6 + QB \times 0,4$  бұл жерде AB – аралық бақылау; QB – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық

C-	1,67	60-64	Қанагаттанарлықсыз
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

**5. Емтиханға дайындық кезінде магистранттарға келесі НҚА мен әдебиеттерді зерделеу ұсынылады:**

**А.Негізгі әдебиеттер:**

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «adilet.kz»,2023ж..
- 2.Мачульская Е.Е. Право социального обеспечения. Учебник. М.: МГУ. Юрайт. 2018.
- 3.Григорьев И.В., Шайхатдинов В.Ш. Право социального обеспечения. Учебник и практикум для прикладного бакалавриата. 2-е изд., пер. и доп. Учебник для академического бакалавриата. М.:Издательство Юрайт. 2017.
- 4.Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения. М.:Издательство, Юрайт. 2015

**Б.Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Нургалиева Е.Н. Проблемы трудового права в современных условиях. Караганды. 1994ж.
- 2.Шайбеков К.А. Трудовое право Республики Казахстан.Оқулық. Алматы, 1996ж.
- 3.Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения.2011г.
- 4.Нургалиева Е.Н. Механизм правового регулирования труда. Алматы, 1996ж.
- 5.И. Межибовская. Право социального обеспечения Республики Казахстан (дистанционное обучение). Учебное пособие. 2011

**В.Нормативтік актілер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі.
4. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі.
5. ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы 27.06.2014 ж. № 211-V ҚРЗ
6. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 23.11.2015.
7. ҚР "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңы 31.05.1996ж. №3-1
8. ҚР "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы 23.11.2015ж. №453-1



			ык талдау негізінде. шектеулі қолдануы.		
<b>практикалық ұсынымдар / ұсыныстар</b> <b>11 балл</b>	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша практикалық өте жақсы ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша практикалық жақсы ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша шектеулі практикалық ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша шектеулі практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.	Еңбек құқығындағы жауапкершілік туралы теорияларды, ілімдерді, тұжырымдамаларды практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
<b>2</b>					
<b>теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі</b> <b>11 балл</b>	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына теориялық жоғары деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына жақсы деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына орташа, шектеулі деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді
<b>негізгі мәселелерін ұғынуы</b> <b>11 балл</b>	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін өте жоғары деңгейде талдап сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін жақсы деңгейде талдап сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін орташа, шектеулі деңгейде талдап	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін сипаттама мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не

			сипаттама береді	сипаттама береді	сипаттама берілмейді
<b>ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар 11 балл</b>	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша теориялық мәселелерін құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес өте жоғары деңгейде ұсыныстарға сипаттама беру заңнамаға талдау жасайды	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша мәселелерін құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға жақсы сипаттама беру заңнамаға талдау жасайды	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша мәселелерін құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға шектеулі түрде сипаттама беру заңнамаға орташа деңгейде талдау жасайды	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша мәселелерін құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада сипаттама талдау жасайды	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша мәселелерін құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға сипаттама мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді талдау жасалмайды
<b>3 теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі 11 балл</b>	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды түсініп, жоғары деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды түсініп, жақсы деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды орташа түсініп, шектеулі деңгейде сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада сипаттама береді	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сипаттама мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді талдау жасалмайды
<b>Негізгі мәселелерін ұғынуы 11 балл</b>	Еңбек құқығындағы жауапкершілік құқықтық негізгі мәселелерін терең түсініп жоғары деңгейде	Еңбек құқығындағы жауапкершілік құқықтық мәселелерін жақсы түсініп тұрақты деңгейде	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін орташа	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелерін	Еңбек құқығындағы жауапкершілік пәні бойынша құқықтық мәселелеріне мүлдем жоқ немесе өте төмен

	талдау жасайды	талдау жасайды	түсініп қалыпты шектеулі деңгейде талдау жасайды	аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада түсініп талдау жасалмайды	сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді түсініп талдау жасалмайды
<b>Жазу, стилі, сауаттылығы 12 балл</b>	Ауызша жоғары деңгейде өте дұрыс, тиянықты түрде жауап береді АРА style қатаң түрде сақтайды	Ауызша жоғары деңгейде дұрыс, жақсы түрде жауап береді АРА style тұрақты түрде сақтайды	Ауызша шектеулі деңгейде , орташа түрде жауап береді АРА style орташа түрде сақтайды	Ауызша аз деңгейде немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен түрде жауап береді АРА style төмен түрде сақталған	Ауызша өте төмен деңгейде немесе мүлдем жоқ немесе жауап береді АРА style өте төмен түрде сақталған немесе сақталмаған

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

+Қорытынды баға (ҚБ) = (Б1+Б2+Б3+Б4+Б5+Б6+Б7+Б8+Б9+Б10) / 6К, мұнда Б – критерий бойынша балл, К – критерийлердің жалпы саны.